**Решение Акционера**
**акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

**г. Алматы** **№ 4** **«31» мая 2019 г.**

**О некоторых вопросах деятельности**
**акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

В соответствии с пунктами 2, 4 и 5 статьи 35, подпунктами 7) - 9) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», пунктами 33, 35, подпунктами 10) - 12) части второй пункта 44 Устава акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – Общество), утвержденного решением Единственного Акционера Общества от 22 августа 2017 года №1, Акционер в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Смолякова О.А., действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 17 апреля 2019 года № 184 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Утвердить годовую финансовую отчетность Общества за год, закончившийся 31 декабря 2018 года, подтвержденную отчетом аудиторской компании ТОО «Делойт».

2. Не распределять чистый доход Общества за 2018 год в размере 75 627 466 591 тенге 99 тиын (семьдесят пять миллиардов шестьсот двадцать семь миллионов четыреста шестьдесят шесть тысяч пятьсот девяносто один тенге 99 тиын) и оставить в распоряжении Общества.

3. Не выплачивать дивиденды по простым акциям Общества за 2018 год.

4. Принять к сведению:

1) информацию об отсутствии в 2018 году обращений Акционера на действия Общества и его должностных лиц;

2) информацию о размере и составе вознаграждения членов Совета директоров и Правления Общества по итогам 2018 года;

3) отчет ТОО «Делойт» по итогам проведенного аудита Общества за год, закончившийся 31 декабря 2018 года.

5. Председателю Правления (Мусиралиев Д.А.):

1) опубликовать настоящее решение, годовую финансовую отчетность Общества за год, закончившийся 31 декабря 2018 года и аудиторский отчет в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан и Уставом Общества;

2) принять иные меры по реализации настоящего решения в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан.

6. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя**
**Национального Банка** **О. Смоляков**

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Акционерінің шешімі**

**Алматы қ.** **№ 4** **2019 жылғы «31» мамыр**

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы қызметінің кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2, 4 және 5-тармақтарына, 36-бабы 1-тармағының 7) – 9) тармақшаларына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жалғыз Акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 33, 35-тармақтарына, 44-тармағы екінші бөлігінің 10) – 12) тармақшаларына сәйкес, «Акционердің құқықтары жөніндегі өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 184 бұйрығы негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А.Смоляков арқылы, Акционер **ШЕШТІ:**

1. Қоғамның 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы, «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясының есебімен расталған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2018 жылғы 75 627 466 591 теңге 99 тиын (жетпіс бес миллиард алты жүз жиырма жеті миллион төрт жүз алпыс алты мың бес жүз тоқсан бір теңге 99 тиын) мөлшеріндегі таза кірісі бөлінбесін және Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Қоғамның 2018 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтер төленбесін.

4. Мыналар:

1) 2018 жылы Акционердің Қоғам және оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне өтініштерінің болмауы туралы ақпарат;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамы мен 2018 жылдың қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпарат;

3) Қоғамға 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы жүргізілген аудит қорытындысы бойынша «Делойт» ЖШС-ның есебі назарға алынсын.

5. Басқарма Төрағасы (Мүсірәлиев Д.Ә.):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпте және мерзімде осы шешімді, Қоғамның 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есебін жарияласын;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде осы шешімді іске асыру бойынша өзге де шаралар қабылдасын.

6. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк**
**Төрағасының орынбасары** **О. Смоляков**